

Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz

университеттегі студенттерінің үні

№7 (584) 20 мамыр 2025 жыл

«YASAWI ЖҰЛДЫЗЫ – 2025» БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРДІ МАРАПАТТАУ КЕШІ ӘТТИ



Университетімізде «Yasawi жұлдызы – 2025» атты белсенді студенттерді марарапаттау рәсімі өтті. Жыл сайын дәстүрлі турда өтетін іс-шараның мақсаты – 2024-2025 оку жылы көлеміндегі университет қызметіне және қоғамдық жұмыстарға белсенді атсылысқан студенттерді ынталандыру.

Айтулы кеш шымылдығын түрген ректор Жанар Темірбекова: «Түркі әлемінің жарқыраған жұлдызы, Ясауи университетінің ең керемет студенттері, кеш жарық! Бүгін расында да ерекше күн! Белсенді жастар 1 жылда ең кемі 25 үлкен іс-шара өткізген екен. Бұл ғылыми іс-шаралардан бөлек, студенттердің өздері үйимдастырылған іс-шаралары. Қарап отырсақ, студенттеріміз 2 аптада бір рет бас косып, осыларды үйимдастырып, бір-біріне бақытты сәт сыйлапты. Сондықтан, сіздерге шексіз алғыс айтамын! Сахнада өнер көрсеткен белсенділерден бөлек, көрермен болып отырған әр студент – сіздер

де бір-бір жұлдызыздар!» - деді.

Келесі кезекте, Академиялық мәселелер вице-ректоры Эльмира Идрисова: «Біз бүгін ете қуаныштымыз! Ең жақсы университет – ең белсенді студенттері оқыған кезде үздік атанады. Біз сіздермен мақтанамыз! Әрбіріңіздің женісінің – ұжымының ортақ женісі!» - деді.

«Құрметті Ясауи жастары, сіздерге тек табыс пен женіс тілеймін! Оқу ордасы әрдайым сіздердің қара шаңырақтарының берілім мекендерінің болып қалады. Ғылым мен білімді дамытып қана қоймай, Адал адам, Адал азамат үғымын қалыптастыруымыз керек. Сол кезде алған білім одан әрі арта түседі деп ойлаймын! Бүгінгі кеш құтты болсын!» - деді Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Еділ Төлегенов.

Ең алдымен, ректор Жанар Темірбекова бастаған университет басшылары XVII Республикалық пәндік олимпиада да жүлделі орындарға ие болған білімді сту-

денттерді марарапаттады.

Қадірлі қонақ, Түркістан қаласы әкімдігінің Мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қадырболат Мұсағалиев пен Вице-ректорлар Эльмира Идрисова мен Еділ Төлегенов және Жауапты хатшы м.а Владлен Ким: «Үздік студент», «Үздік студенттік деканат», «Түркі әлемі үздік көшбасшысы», «Үздік елші», «Үздік клуб», «Үздік студенттік декан» сынды т.б номинацияларының иегерлеріне арнағы дайындалған статуэтканы табыстаң, марпаттады.

Марарапаттау рәсімінде әртүрлі бағытта жалпы 20-дан астам номинация бойынша үздіктер анықталды.

Кеш соңында белсенді жастар ән шырқап, би биледі. Ұмытылmas студенттік кезеңнің ең көңілді кешінде «Ясауи жұлдызының» жақты.

«Ясауи-ақпарат»

ТІЛ ҮЙРЕТУ ОРТАЛЫҒЫ: УНИВЕРСИТЕТТІҢ МӘДЕНИ ҚАЗЫНАСЫ



Ахмет Ясауи университетінің Тіл үйрету орталығы көпмәдениетті білім беру саласында маңызды орын алғып отыр. Орталық 2021 жылдың 6 желтоқсанында ашылып, қазірде бес тілде білім беру арқылы студенттерге халықаралық деңгейде қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ұсынып отыр.

—Тіл үйрету орталығы қазақ, түрік, ағылшын, орыс және араб тілдерінде білім береді. Эр се-местрде шамамен 350-400 студент білім алады. Оқытушылар құрамы туралы айта кетсек, орталықта негізінен түрік оқытушылары қызмет атқарады. Сонымен қатар, қазақстандық тәрт оқытушы да бар. Олардың екеуі түрік тілі, біреуі қазақ тілі, тағы бірі ағылшын тілі пәндерінен дәріс береді, - дейді Орталықтың директор орынбасары Рыдван Жан бізге берген сұхбатында.

Орталықта дәріс беретін оқытушылардың дені Түркиядан келген мамандар. Сонымен қатар, қазақстандық тәрт ұстаз бар, ұжым болып білім сапасын арттыруға өз үлестерін қосып келеді. Сабак барысында Еуропалық тілдік портфолио негізінде жасалған бағдарламалар қолданылып, түрік тілі курстарында Юнус Эмре қорының А1—С1 деңгейлеріне арналған оқулықтары мен қосымша авторлық материалдар пайдаланылады.

«Бұған дейін бір кезең бойы қашықтан оқыту жүйесін қолданған едік. Алайда бетпе-бет оқытудың тиімділігі жоғары болғандықтан, дәстүрлі әдіске қайта қөштік. Түрік

тілі курстары аптасына 5 күн, күніне 2 сағаттан жүргізіледі. Жалпы, бір курс 8 аптаға жалғасып, бір деңгейді толық қамтиды. Ал күрделілігіне байланысты орыс және араб тілдерінде бір деңгейге 130 сағат бөлінеді» -дейді Рыдван Жан.

Орталықтың басты ерекшеліктерінің бірі құнделікті өткізілетін сөйлесу клубтары. Түрік және ағылшын тілдерінде тұрақты түрде клубтар үйымдастырылса, қазақ тілі оқытушысы да белсенді жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар, мәдени кештер, шығармашылық сабактар, поэзия сағаттары сияқты түрлі іс-шаралар тіл үйрену процесін қызықты әрі мазмұнды ете түсуде. «Біздің сертификаттар арқылы студенттер Түркияда алмасу бағдарламаларына қатыса алады. Қазіргі таңда Түркияда білім алғып жатқан студенттердің басым бөлігі – дәл осы орталықтан сертификат алғандар» - дейді орталық басшысы.

Мұндағы студенттердің шығармашылық жетістіктері де назар аудараптық. Түрік тілін үйренген екі студенттің өлеңдері Түркияда жарық көретін «Kardeş Kalemler» және «Aydın Efesi» журнандарында жарияланған. «Оқуға ынтасты жоғары студенттер арасында С1 деңгейін сәтті аяқтап, түрік тілінде менің өзімнен де еркін сөйлейтін жастар бар» дейді ол мақтышпен.

Орталықтан білім алған студенттермен де пікірлестік. Олардың пікірлері де он. Мәселең, қазақ тілін менгерген **Зехра Нұр Чакир:**

— Бастапқыда В1 деңгейінде болсам да, толық еркін сейлей алмайтынмын. Алған сабактар мен сөйлесу клубтарындағы тәжірибе маған көп көмектесті. Қазір түрлі елден келген туристерге қазақ тілінде жетекшілік етіп, ағылшын

тілінен де сабак бере аламын, - дейді. Ал **Нұри Керім Шалва** орыс тілін үйрену барысында сөйлесу клубтарының пайдасын ерекше атап өтеді: «Бұрын А2 деңгейінде болсам да, еркін сөйлесу қызын болатын. Қазір дәрістер мен тәжірибелер нәтижесінде өз ойымды анық жеткізе аламын, »- дейді ол.

Түлегіміз **Мерве Демирташтың** жетістігі тіпті ерекше. Ол 2022 жылы орталықтан В1 деңгейінде орыс тілі бойынша сертификат алып, университет ректорының өкілі **Женгиз Томардың** қолдауымен Астана қаласына бір айлық тілдік тәжірибеге жиберілген. Қазір Мерве Түркияның әуе компаниясында стюардесса болып қызмет атқарып жүр. «Орыстілді елдер мен Еуропага бағытталған рейстерде жұмыс істеймін. Осы мүмкіндікті маған сыйлаған, тіл үйрету орталығы» дейді ол.

Орталықтың алдағы жоспарлауына келсек, қатысуышылар санын көбейту, білім сапасын жетілдіру және университеттенн тыс азаматтарды да тарту көзделіп отыр. Қазіргі таңда курстарға тек университет студенттері мен қызметкерлері ғана қатысады.

—Тіл білу, тек академиялық емес, әлеуметтік тұрғыдан да үлкен артықшылық. Түркияда магистратураға түсетіндер үшін тілді білу шәкіртақы алу мүмкіндігін және дайындықсыз оқу артықшылығын береді. Ал саяхат кезінде тіл менгерген адам жаңа мәдениетті жергілікті халықпен тікелей байланыс арқылы жақсырақ тани алады. Сол себепті, тілді сертификат үшін емес, өз болашағы үшін үйренген дұрыс . Ахмет Ясауи университетінің көпмәдениетті ортасы мен кең мүмкіндіктері студенттерге білім алушмен қатар, тәжірибе жинақтауға да жол ашып отыр. Түркістан қаласының барлық тұрғындарын Тіл үйрету орталығына шақырамыз. Біздің есігіміз тіл үйрентісі келетін әрбір жанға ашық, - деп сөзін қорытындыллады орталық басшысы орынбасары Рыдван Жан.

Юнус Өзкан,
Журналистика мамандығы
3-курс студенті.

•Студенттік ғылым

Қазір жаһандық ілім-ғылым көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Адамзатқа ортақ проблемалардың шешімін табуға тал-пынатын жастар бар. Солардың бір парасы – стартап жоба жасашылар. Бүгінгі кейіпкеріміз Мұқадір Мейірбан да бірнеше өзекті мәселені шешуге көмектесетін жобаларды өзірлеп, оларды іске асырумен айналысады. Университетіміздің менеджмент мамандығы бойынша оқып жүрген талапты жас, Мейірбанға бірнеше сұрақтарымызды қойды.



ҒЫЛЫМҒА ҚҰЛАШ ҮРГАН

– Стартап жобалармен айналысу саласына қалай келдіңіз?

– Заман ағымына сай IT саласына қызығамын. Бұрындары мектеп оқып жүргенде әлеуметтік жобалармен айналысқанмын. Сол кездің өзінде білім саласына қатысты жоба өзірлеп, үш мыңға жуық оқушыны оқытқан едік. Ол жобаны жасауға Коронавирус індегі салдарынан білім беру деңгейінің төмендег кеткендігі түрткі болды. Ал, университет қабырғасында 2-курстан бастап «Ясайи стартап» курсында оқыдым. Содан соң университеттің арнағы жасақталған «Enactus Yasawi» командасына қосылып коммерциялық жобалар жасай бастадым. Яғни, бұл салада қандай да бір жемісті жоба жасай алсам, ол университеттегі «Enactus Yasawi» клубы жүргізген жұмыстың нәтижесі дер едім. Одан кейін стартап жобаларымды «Turkistan IT Hub-қа» енгізіп бірлесе іске асыра бастадық. Бұл мекеме менің стартап жобаларымды іске асыруға үлкен септігін тигізіп келеді

– Қай бағыттағы жобалармен айналысасыз? Осылан дейін қандай жобаларды дүниеге әкелдіңіз?

– Негізі түрлі бағыттағы жобалармен айналысамыз. Бірақ, IT саласында көбірек дең қоямын. Біршама уақыт бұрын «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының» бизнес-тренері болып қабылдандым. Осы ретте экологиялық жобалармен де айналысамын. Ең алғашқы жобамның атаяу «Әзгеріс» болатын. Бұл жоба жапырақтың целиозасын алу арқылы одан қарғын су шығаруға негізделген. Ал қазір таза табиғи қоспалар арқылы биологиялық таза өнім алу жобасын жүргізіп жатырымыз. Жалпы 18 рецепт дайындал, соның ішіндегі асқа-зан мен бауырға көмектесетін екі

рецепті лицензияға беріп жатырымыз. Егер лицензия берілсе, өнімді нарыққа шығарамыз. Сондай-ақ, IT саласы бойынша онлайн және оффлайн форматта жұмыс істейтін «TurMed» жобасын өзірледім. Бұл жоба аясында жасалған цифрлық бағдарлама медициналық кеңестер беріп отырады және жедел жәрдем жеткенше қандай ем жасау керектігін ұсынады.

– Жүзеге асырылып қолданысқа енген жобаларыңыз бар ма?

– Мәселен, жаңа ғана атап еткен «TurMed» жобасының қосымшасы Android платформасында бар. Одан білек, «I-low» жобасы Telegram-бот ретінде жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ жоғарыда биологиялық өнім алу жобасын айтып өттік. Осы жобада жүзеге асырылып жатыр. Жоба аясында отандық және қытайлық дәрігерлермен кеңес өткіздік. Пайдалы өнімді нарыққа шығару үшін лицензия ғана қажет болып отыр.

– Осы салада жүріп жеткен жетістіктеріңіз көп пе?

– Жетістіктеріме келетін болсақ, аз да, көп те емес деп айттар едім. Орташа деңгейде. Осы салада жүріп «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының» бизнес-тренері болдым, тағы бірнеше компанияның сертификатын алдым. Бірнеше байқауда женіс тұғырынан көріндім. 2024 жылы «Қазақстанның үздік студенті» атандым. ЮНЕСКО-ның мүшелері қатарына қосылдым.

– Жалпы, стартап жобалар қоғамға қандай пайда келтіреді?

– Қазіргі таңда елімізде ауыз толтырып айттарлықтай инвестиция тартып жатқан жобалар – стартап жобалар. Әсіресе, жас буынның стартап жобалары АҚШ, Азия және өзге де көптеген елдерде үлкен сұранысқа ие. Нәтижесінде әрбір жоба еліміздің иілгігіне мындаған,

миллиондаған доллар инвестиция түсіруде. Сондықтан барлық салалаға бағытталған стартап жобалар бағыты өте ауқымды қозғалыс, тың серпіліс деп айтуға болады. Сондай-ақ, стартап жоба дегеніміз тек қана жаңа идея емес, жаңа бизнес көзі, жаңа табыс жолы. Біз жасап жатқан жобалар «Тұрақты даму мақсаттарының» 17 бірдей қағидасына негізделеді. Ол 17 қағида әлемдегі ахуалды жақсартуға арналған. «Стартап жобалар қоғамға қандай пайда келтіреді?» деген сауалға осылай жауап берсек болатын шығар.

– Алдағы уақытта қандай бағыттар бойынша жоба жасау жоспарыңызда бар?

– Алдағы уақытта атқаратын іс те, жасайтын жоба да өте көп. Олардың арасында коммерциялық және коммерциялық емес жобалар да бар. Мәселен, қазір киберқауіпсіздік деген проблема өте өзекті. Сондықтан ғаламтор арқылы түрлі теріс пифылын іске асырысы келетіндерге қарсы жасанды қорғаныс желісін жасап жатырымыз. Бұл жүйе сізге қандай да бір бейтаныс адам хат жазған кезде оның алайқ немесе алайқ емес екендігін, яғни сенімділігін анықтай алатын болады. Екінші бағыт контент, SMM және таргет салаларына бағытталады. Себебі, біз әлі де осы үш қызметті бір платформаға біріктіре алмадық. Бұл жобамыз іске асырылса, мәселең бизнесіңіз бар болса мәтін дайындал, аватарын өзірлеп, жарнамацызды жүргізіп, таргетін де атқарып беретін болады. Жалпы, қазір ғылым қарыштап дамып жатыр. Сол ғылымға ілескен адам мол мүмкіндікке ие бола алады.

– Әр жобаңыз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан:
Назерке Тәжібай,
4-курс студенті.

Бақдәулет Сыздықов:

«ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛАСУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН»



Кожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрк университетінің тарих кафедрасының доценті, Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Бақдәулет Сыздықов — археология саласында ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізетін жас ғалым. Оның ғылымға келуіне туған өлкесінің тарихы мен бала арманы себеп болған.

Бақдәулет Сапарбайұлы Түркістан облысының Келес ауданында дүниеге келген. Оның туып-өсken ауылының жанындағы «Құлтебе» тарихи-мәдени ескерткіші болашақ археологтың көкейінде сан саулалықтар түндатқан. Бала күнінде «бұл жерде қандай адамдар өмір сүрді, олар немен айналысты?» деген сұрақтар келі-келе ғылыми қызығушылыққа ұласып, 2005 жылы Ахмет Ясауи университетінің археология мамандығына мемлекеттік грантпен оқуға түседі.

— Университеттегі алғашқы үстаздарымыз — тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов, доцент Сейден Жолдасбаев және өзге де ғалымдар археологияға деген

қызығушылығымды арттырыды. Олардың дәрістері бізге жігер мен мотивация берді. Бала күнгі арманым мен үстаздарымның бағыт-бағдар беруінің арқасында ғылым жолына қадам бастым, - дейді ол.

Бакалавриатты тәмамдаған соң, Түркияның Гази университетінде магистратура және докторантурасында бағдарламалары бойынша білім алады. 2010–2016 жылдары Анкарада оқып, докторлық

диссертациясын сәтті қорғап, елге оралады. Содан бері өзі түлеп үшкән университеттегі қызметін жалғастырып келеді. Магистратура мен докторантурада оқып жүрген кезінде Бақдәулет Сапарбайұлы темір дәүірінде өмір сүрген көшпелі Сақ, Савромат-сармат тайпаларының қару-жарағын зерттейді. Бұл тақырып Қазақстанда өлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген соң ғалым осы бағытты таңдауға бел буады. Зерттеу барысында тайпалардың жауынгерлік мәдениеті мен қару түрлеріне хронологиялық классификация жасап, олардың таралу аймағы мен қолданылу географиясын анықтайды.

— Ерте темір дәүірінде өмір сүрген салт атты жауынгер тайпалардың қару-жарағы арнайы ғылыми зерттеу нысаны болмаған. Осы бағытта алғашқылардың бірі болып қару-жарақтың түр-түріне – садақ, жебе, наиза, сауыт, дұлыға, қалқан секілді элементтерге талдау жүргізіп, олардың Еуразия кеңістігіндегі таралу аймағын анықтадым. 2016 жылы Берлинде, кейін Бакуде өткен халықаралық конференцияларда осы тақырыпты ғалымдар талқы-



сына ұсындым. Зерттеу нәтижелері Scopus пән ВАК базасындағы журналдарда жарияланды, - дейді зерттеуші.

Университеттегі оқытушы қызметіне кіріскелі, бала құнгі арманына қайта оралып, Келес өніріндегі «Құлтөбе» қалашығын зерттеуге ден қояды.

Бұл аймақ бұрын да зерттелген, алайда біздің жұмысымыздың ерекшелігі – пән аралық әдістерді қолдануымызда. Археологияны биология, география, ботаника және тарихпен ұштастыра отырып, ауқымды зерттеу жүргізп келеміз. Сырдария өзенінің бойындағы қалалық мәдениеттің алғашқы кезеңінен бастап материалдар жинаудамыз.

Қала тұрғындарының тұрмысы, нағым-сенімі, шаруашылығы, қорғаныс жүйесі жайлы нақты деректерге қол жеткіздік. Қала біздің дәүіріміздің алғашқы ғасырларында әмір сүріп, X ғасырда тіршілігі тоқтаған. Егін және мал шаруашылығы қатар дамыған.

Қолөнер де кең тарағанын дәлелдейтін артефактілер – қыш құмыралар мен ыдыс бөлшектері көтеп табылды. Олардың үлгілері Түркиядығы Хаджы Байрам университетінде сараптамадан өткізілді. Сонымен қатар Ә.Марғұлан атындағы институтпен бірлесіп археозоологиялық және палинологиялық зерттеулер жүргіздік. Үй жануарларының түрін, аңшылықта пайдаланылған жануарларды анықтап, статистикалық мәліметтер жасадық. Қазіргі таңда полиботаникалық зерттеу арқылы егін шаруашылығына қатысты деректер жинап жатырмыз. Бұл зерттеулер алдағы уақытта да жалғасады. Себебі үш жылдық қазба қаланың барлық қырын ашып көрсете алмайды, - дейді ол.

Бағдаулет Сапарбайұлы еki ірі ғылыми жобаның жетекшісі болған. Оның бірі — Келес өнірі мен Құлтөбе қалашығында, екінші — ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер. Екі жобаны да ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған.

2003 жылдан бері Ахмет Ясауи университетінің археологтары Сығанақта үздіксіз жұмыс істеп келеді. «Бұл нысан бүгінде университетіміздің археологиялық базасы ретінде қарастырылады. Өзім студент кезімде осы жерде қазба жұмыстарына практи-

негізгі мақсаты – Оңтүстік өңірдегі ежелгі және түркі дәуірінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және ғылыми айналымға енгізу. Соңғы бірнеше жылда бұл институт университет деңгейінде үздік ғылыми құрылым ретінде танылып келеді.

– Алдағы уақытта Келес



кант ретінде қатысқанмын. Ал 2021–2023 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулер барысында Қазақ хандығы кезеңіне жататын тұрғын үйлер мен Алтын Орда дәүіріне тиесілі кесенелер анықталды. Қалашықтың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты құнды деректер жинақталып, ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеу нәтижесінде Комитет тізіміне енген журналдарда 11 мақала, Scopus дерекқорына тіркелген журналдарда 2 мақала жарияланды. Сонымен қатар, ортағасырлық Сығанақ қаласына арналған монография жарық көрді. Құлтөбе қалашығына байланысты да бірқатар ғылыми материалдар жарияланды. Scopus базасына енгізілтін мақалалар осы жылдың соңына дейін жарияланатын болады. Ал 2025 жылы осы зерттеу жобасының негізінде кең ауқымды монография шығаруды жоспарлап отырмыз» дейді зерттеуші.

Фалым жұмыс істейтін А.Ясауи университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты – университет ішіндегі жетекші ғылыми орталықтардың бірі. Институттың

жеріндегі Қаңлы кезеңіне жататын тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеуді жоспарлап отырмыз. Себебі б. з.д II ғасыр мен б. з. V ғасыры аралығы Қазақстан тарихында әлі де актаңдак күйінде қалып отыр. Осы кезеңінің шаруашылығы, мәдениеті, қала құрылышы мен жерлеу рәсімдері жайлы тың деректерді анықтағымыз келеді. Далалық маусым сөүірден басталып, күзде жиналған материалды камералық және лабораториялық өндеуден өткізіміз. Археолог болу деген тек зерттеуші болу емес – біз әрі суретшіміз, әрі фотографпаз, әрі топографпаз. Қазба барысында табылған артефактілердің суретін салып, фотога түсіріп, координаттарын алып, 3D сыйзбаларын жасаймыз, - дейді ол. Фалым ғылыммен алаңсыз айналысу үшін университеттің барлық жағдай жасап отырғанын атап өтті.

**Жанерке Ҳұмар,
Журналистика кафедрасының
оқытушысы.**

КІТАПХАНА – РУХАНИЯТ ОРДАСЫ

«Білім – тамыры тереңге кеткен бәйтерек. Ал сол ағашты мәпелеп өсіретін – кітап» дейді Хакім Абай. Бүгінде адамзат баласы ақпараттық ағынына малтығып бара жатқан заманда, сол кітап бәйтерегі мен рухани жаңғырудың бастауы саналатын кітапхана туралы ойланып көрдік пе?

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті – білім беру жүйесінде заманауи талаптарды ұстанып қана қоймай, руханият пен дәстүрлі оқудың да маңызын жоймаған оқу орны. Оның бір дәлелі – университет жаңындағы кітапхананың жаңаша тынысы.

Қазіргі таңда Университет кітапханасы 600 мыңнан астам кітап қорымен, 150-ге жуық заманауи компьютерлік құрылғыларымен, және ең бастысы – әлемдік электронды базалармен келісімшарт негізінде жұмыс істейтін ерекше ақпараттық-ғылыми орталықта айналған. KazNEB, TBKITAP, IPR SMART, Wiley, Scopus, Elsevier, Pubmed, Cochrane, Web of Science, Mendeley және өзге де ғылыми платформалар – студентке кез келген тақырыпта ізденуге жол ашады. Кітапхана әкімшілігінің айтуынша, ай сайын жаңа кітаптар түсіп отырады, ал жыл соңында толық қор жаңарапп, тізім қайта қарастырылады. Бұл – студенттердің заманауи ақпараттарға қол жеткізуіне жағдай жасалынғандығылын көреміз.

Кітапхана 4 түрлі форматта жұмыс істейді: дәстүрлі кітап форматы, аудиокітап форматы, электронды (компьютерлік) формат, онлайн/қашықтан оқу форматын ұсынып тұр. Мұнда студенттерге арналған жеке дайындалу аймақтары, компьютермен жабдықталған электронды зал, интернетке кітапханаға кірген сәттен бастап еркін қосылуға жағдай жасалынған.

Кітапхана – тек ақпарат орталығы емес, рухани демалыс орны. Университет кітапханасының



ерекшелігі – тек оқу залы мен кітап қорының молдығында емес. Мұнда апта сайын ұйымдастырылатын “Ұтқырлық интеллектуалдық ойындар”, “Әр аптада бір шығарма” сынды рухани шаралар жастардың ой-әрісін көңейтіп, шығармашылық серпіліс береді. Әсіресе табиғат аясында өтетін рухани кештерде студенттер еркін тақырыпта пікір алmasып, әдебиет пен өмірді, ғылым мен руханиятты тоғыстырады. Кештің басты мақсаты – студентті тынымсыз сабактан демалтып қана қоймай, жүрек пен жанды байыту, рухты серпілту. Шынайы сұхбат пен терен ой ортақтасатын осындағы кештер – бүгінгі жастарды мәнсіз мазмұннан арашалап, өз жолын іздеуге жол ашады.

“Қазіргі таңда кітапханамызда 2025 жылға дейінгі жаңа басылымдар бар. Бірақ, өкінішке қарай, қазіргі жастар қысқа-нұсқа ғаламтор мәліметтерін місе тұтады. Ал кітаптың ісі, мазмұны – бұл мүлде бөлек әлем. Тіпті кей студенттер ноутбук арқалап кітапханаға тек Wi-Fi үшін келетіндей. Біздің басты тілегіміз – осынау мол кітап қоры оқырман үшін. Оқыңыздар, білім нәрімен сусындаңыздар” дейді кітапхананың бас маманы Шолпан Қуанышбаева.

Оқырмандар ойы
Ақбота Мұрат (4-курс студенті):
“Электрондық базалардан нақты

дерек іздеуді осы кітапханадан үйрендім. Ғылыми мақалаларға сілтеме жасау, Mendeley секілді платформаларды пайдалану – зерттеу жұмысында көп көмектесті. Әсіресе сессия, диплом жұмысы – дайындалғанда жылдам іздел табуға мүмкіндік береді.”

Айғаным Кеңесбек (3-курс студенті):

“Бірінші курсында кітаптарды іздеу қыын еді. Қазір “Irbit” жүйесін пайдаланып, керек кітапты алдын ала қарап аламын. Тіпті қай жerde, қай бөлімде тұрғаны да жазылып тұрады – бұл біздің кітапханамызды артықшылығы шығар деп ойлаймын.”

Елдәүір Есентайұлы (2-курс студенті):

“Кітапхана өте ыңғайлы, тыныш орта, іздегенімнің бәрі табылады. Алайда оқу залындағы жайлыштың сөл арттыrsa деген ойым бар. Жалпы қызметі мен жүйесі жақсы.”

ХҚТУ кітапханасы – жай ғана оқу мекені емес. Бұл – тұлғалық дамуға, рухани баюға, ғылыми ізденіске жетелейтін мекен. Қанша жерден технология дамыса да, кітап – үлттық тірегі, өркениеттің іргетасы болып қала береді. Ендеши, оқыық! Ізденейік! Білім нәрімен сусындал, рухани серпілейік.

Қарақат Сапарәлі,
3-курс студенті.

«Қазақтың қобызына құрметім ерекше»

Университетімізде шетелден келген мындаған студенттер білім алуша. Елімізге келіп бірден білім ордамыз

-дың атын әлемге паш етіп жүргендер де аз болмады. Солардың бірі Мажарстаннан келіп, оқып бітірген қобызының қызы Богларка Фехер еді.

Музыкаға жаңы ғашық қызы қазақтың қобызын үйреніп алған. Қос ішекті қоңыр аспапты өн-кештерде тебіренте ойнап жүр. Музыка – нотамен, аккордтармен шектелгендімен ондағы орындаушылық талант шексіз. Жақындаға ғана аспапты қолға алған қызы авторлық күйін шығарып үлгеріп. Богларка дәстүрлі музыка мамандығында оқып бітірді. Оның Қазақстанға келудегі мақсаты да қобызы аспабын менгеріп өнерін дамыту болған-ды. Айта берсең жетіп жатыр, мажарлық қызы қазақ тілін де жақсы менгеріп алған. Кез-келген қарапайым адаммен қазақ тілінде еркін сөйлесе береді. Қазақ тілінен бөлек тағы 5 тіл үйреніп алған. Бұдан мажар қыздың тек музыка емес білім-тылымға деген зеректігін байқаймыз. Полиглот қызы Түркістандағы түрлі ұлт студенттерімен тығыз байланыс құра білді.

...Богларканың қобызыға қызығушылығы Қазақстандық «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің Мажарстанда болған концертінен кейін оянған. Дәстүрлі аспаптардан коллаборация жасаған музыкалық топтың әсем өүені мажарлық қыздың құлағынан кіріп, бойын алған көрінеді.

«2014 жылы біздің елге Қазақстанның жұлдыздары «Тұран» ансамблі жеке кешін беру үшін келді. Олар өте әсерлі концерт қойды. Концертте ойналған аспаптардың қоңыр үніне таң қалып, қазақ өнеріне әуестігім арта бастады. Әсіресе қобыздың үні ерекше толқытты. Содан бері осы аспапты үйренуді мақсат еттім. Эрине маған қобызы тартуды үйрену үшін тек youtube сабактары жеткіліксіз еді. Сол үшін де аталған ансамбльдің

қобызышысы Мақсат Медеубектен онлайн сабак алды. Ол кісі қобызды жан тәнімен үйретті. Мажарлық қыздың қобызыға қызығы Мақсат мырзаға ерекше шабыт берген де шығар. Әйттеуір әр сабағын ынта жігерімен оқытты. Қызығу мен ләззэт алудың арқасында қазір қоңыр үнді қобызы тартуды үйреніп алды. Қазақ аспаптары бірінен бірі өткен ерекше дыбысқа ие. Қазақ еліне келіп домбыраны үйренбеу дұрыс емес шығар. Қобызыға үқсас екі шекті аспап қоңыр үнімен жаңыма жағады. Тіпті концерттерде домбырамен ән шырқалса ерекше тебіреніп қалам. Қазіргі таңда қобызben қатар домбыраны үйреніп жүрмін. Бұл тұста ұстазым Ерасыл Қауымбаевқа алғыс білдіремін. Ахмет Ясауи университетінде домбырашылар өте көп. Ол менің сол ортада жүріп топпен үйренуіме үлкен көмегін тигізуде» – дейді сұхбаттасым.

Өнерлі қызы тек қобызы береді. Қазақ тілінен бөлек тағы 5 тіл үйреніп алған. Бұдан мажар қыздың тек музыка емес білім-тылымға деген зеректігін байқаймыз. Полиглот қызы Түркістандағы түрлі ұлт студенттерімен тығыз байланыс құра білді.

Одан бөлек мажар тілінде жазылған туындылары да аз емес.

«Өз елімде жүргенде жүректен ноталар мен аккордтар шыға бастады. Алғашында әдемі күй шығып келе жатқанын сездім. Кейін Қазақстанға келгенде қазақтың кең даласы мен биік тауларынан шабыт алып «Дала сыры» деген тақырыппен авторлық күйімді шығардым. Мен бұл үшін өте қуандым. Себебі бұл күйді алғаш достарыма таныстырғанда бәріне қатты ұнаған еді. Кейіннен бірте-бірте ән кештерде ойнай бастадым. Шынымды айтсам Мажарстандағы музыкалық ансамблімізге қобызы сыйға тартылған күн мен үшін өнер жолындағы бақыттың бастауы деп білемін» дейді Бол-



гларка

Иә! Қазақтың көк майса дала-сы, саржайлауы, ондағы сайраған құсы әр бір жанға шабыт сыйлары анық. Ал осындағы даламыздан шабыт алған шетелдіктердің елге келіп қазақ мәдениетімен танысуы біз үшін үлкен мәртебе. Университетімізде білім алатын кез-келген шетелдік «қазақ мәдениетімен танысу үшін келдік» дейді. Бұл рас. Ұлттар достығын қалыптастыруши оқу ордамыз осымен мықты, осымен танымал. Дәстүрлі аспабымызға үн бітіріп, тілімізді үйреніп жүрген Богларка Фехер өскелен үрпаққа үлгі. Ал дәстүрлі аспабымыздың шет елдерде танымалдылыққа ие болуы қазақ өнерінің, қазақ музыкасының негізін қалағандар нағыз ұлылар екенін айқындаиды.

**Дидар Асылханов,
Журналистика бөлімінің
3-курс студенті.**

ЖАСТАР БАСТАМАСЫНА ЖОЛ АШҚАН КЛУБТАР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті жастар саясатына ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл бағыттағы маңызды тетіктердің бірі – студенттік клубтардың қызметі.

Бүгінде университетте “Шаңырақ” студенттік клубтар координациясына қарасты 22 клуб жұмыс істейді. Олар мәдени, әлеуметтік, ғылыми, медициналық және спорттық бағыттар бойынша қызмет атқарады.

Студенттік клубтар ерікті түрде үйімдастырылады. Әр студент өзінің қызығушылығы мен бейімділігіне қарай кез келген клубқа мүше бола алады. Бұл еркіндік жастардың бастамашылдығын арттырып, қоғамдық өмірге белсене араласуына мүмкіндік береді.

Клубтар өз бағытында жеке жоспармен жұмыс істейді. Әрбір іс-шараға студенттердің өздері ұсыныс беріп, үйімдастыру жұмыстарына тікелей қатысады. Шешім қабылдау үдерісінде де ашықтық пен демократиялық қағидалар басшылыққа алышады.

Ресми түрде клубтарға тұрақты қаржы бөлінбейді. Алайда өткізілетін әрбір іс-шараға қажетті заттар университет тарапынан қамтамасыз етіледі. Мысалы, жарыс жөнімпаздары-

Қожа Ахмет Үсауи университетінің студенттік клубтары

Жалпы

22 студенттік клуб
Варлығы “Шаңырақ” клубтар координациясы аясында жұмыс істейді

Бағыттар:

- Мәдени
- Медициналық
- Стоматологиялық
- Спорттық
- Эдеби
- Тарихи
- Әлеуметтік
- Саяси

Өзекті маселе:

- Клубтарға арналған арнайы кабинет жок
- Командалық жұмысқа кедегі келтірүү мкм

Қорытынды:

Студенттік клубтар – жастар үшін даму аланы, ал университет – олардың патама-ларын сенімді тирик

на арналған сыйлықтар, техникалық құрал-жабдықтар, конференция қатысушыларының жол шығындары, жатын орын және тамақтану мәселелері оқу орны есебінен қарастырылады.

Жастар бастамаларын қолдау үшін арнайы жұмыс топтары құрылып, іс-шаралар барысы университет әкімшілігінің тікелей бақылауында болады. Бұл – үйімдастыру сапасын арттырып, студенттердің сенімін нығайттын фактор.

Клубтардағы жұмыс тек уақытты тиімді пайдалану ғана емес, сонымен қатар кәсіби және тұлғалық дамудың құралы болып табылады. Жастар жаңа ортамен танысып, өз саласы

бойынша алғашқы тәжірибесін жинақтайды. Сонымен қатар клубтар студенттердің жауапкершілігін, командаламен жұмыс істей дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Клуб мүшелері түрлі деңгейдегі байқаулар мен форумдарға қатысып, университеттің абырайын арттырып жүр. Шығармашылық концерттер, ғылыми жобалар мен волонтерлік акциялар оқу ордасының қоғамдық өмірін жаңдандырып отыр.

Алайда өзекті мәселелер де жоқ емес. Қазіргі таңда клубтардың өз жұмысына арналған арнайы кабинеттері қарастырылмаған. Жастар орталығының жетекші маманы Шохзод Эргаштаевтың айтуынша, егер клубтарға жеке жұмыс орындары бөлінсе, олардың тиімділігі айтартылғайтын еді.

– Ахмет Ясауи университетіндегі студенттік клубтар – жастардың азаматтық белсенділігі мен кәсіби бағдарлануына жол ашатын маңызды орта. Университет әкімшілігінің жүйелі қолдауы мен студенттердің өзара ынтымақтасығы нәтижесінде бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да дами бермек – дейді Жастар орталығының жетекші маманы Шохзод Файзуллаұлы.

**Дидар Нұржанбай,
3-курс студенті.**

Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРИНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрк университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және көрі кайтарамайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, макалалары, ашық хаттары мен үндесулері редакцияның көзқарасын билдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою
туралы

№11180-Г күелікті 2010
жылы 4 қазанда Казакстан
Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қантарынан бастап
«Ясауи университеті» газеті
электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.